

"Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі N 570 Заңы

"Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы" 1998 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 14, 200-құжат; N 22, 308-құжат; N 24, 443-құжат; 2001 ж., N 13-14, 173, 176-құжаттар; N 24, 338-құжат; 2003 ж., N 24, 178-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Алматы қаласының құқықтық мәртебесі осы Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен айқындалады.";

2) мынадай мазмұндағы 1-1-баппен толықтырылсын:

"1-1-бап. Алматы қаласының нышаны

1. Алматы қаласының өз елтаңбасы бар, ол қаланың Қазақстан Республикасының мәдени, саяси, экономикалық және ғылыми орталығы ретіндегі ерекшеліктерін, сондай-ақ оның географиялық орналасқан жері мен қоршаған ортасының ерекшеліктерін бейнелейтін нышаны болып табылады.

2. Алматы қаласы елтаңбасының сипаттамасы мен оны пайдалану тәртібін және оның бейнесін Алматы қаласының өкілді органы айқындайды.";

3) 2 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Алматы қаласының аумағын Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұсынуы бойынша әрі жергілікті өкілді және атқарушы органдардың пікірлерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының Президенті белгілейтін және өзгертетін Алматы қаласының әкімшілік-аумақтық бірліктерінің шекарасы шегіндегі жер құрайды.";

мынадай мазмұндағы 3 және 4-тармақтармен толықтырылсын:

"3. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес айқындалатын атаулары мен шекарасы бар аудандар қаланың әкімшілік-аумақтық бірліктері болып табылады.

4. Алматы қаласының аудандары тиісті аумақтардың географиялық, қала құрылысы ерекшеліктері, халқының саны, әлеуметтік-экономикалық сипаттары, көлік коммуникацияларының орналасуы, өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымының болуы ескеріле отырып құрылады.";

4) мынадай мазмұндағы 2-1-баппен толықтырылсын:

"2-1-бап. Жер учаскелерін мемлекеттік қажеттіктер үшін алып қою (сатып алу) ерекшеліктері

1. Жер учаскесі мемлекеттік қажеттіктер үшін сатып алу немесе меншік иесінің немесе жер пайдаланушының келісімімен құны тең басқа жер учаскесін беру жолымен а л ы п қ о й ы л у ы м ү м к і н .

2. Жерді пайдалану құқығын сатып алған меншік иелері мен мемлекеттік емес жер пайдаланушылардан мемлекеттік қажеттіктер үшін жер учаскесін алып қою жер учаскелерін алдағы сатып алуға дейін үш айдан кешіктірілмейтін мерзімде оларға міндетті түрде жазбаша хабарлай отырып, сатып алу тәртібімен жүзеге асырылады.

Меншік иелері немесе жер пайдаланушылар осындай хабарламаны алған күннен бастап үш ай өткенге дейін жер учаскелерін сатып алуға меншік иесінің немесе жер пайдаланушының келісімімен ғана жол беріледі. Егер меншік иесі немесе жер пайдаланушы мемлекеттік қажеттіктер үшін өзінен жер учаскесін сатып алу туралы шешіммен келіспесе не сатып алынатын жер учаскесінің бағасы немесе сатып алудың басқа да шарттары туралы онымен келісімге қол жеткізілмесе, Алматы қаласының атқарушы органы үш ай өткен соң жер учаскесін сатып алу туралы сотқа талап арыз беруге құқылы.";

5) 3 - б а п т а :

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"б) лотереялар шығару, оларды орналастыру мен өткізу шарттары туралы, сондай-ақ жергілікті атқарушы органның Қазақстан Республикасының бюджет заңдарына сәйкес қарыздар тарту қажеттілігі мен шарттары туралы шешім қабылдауға;"

мынадай мазмұндағы 8-1) және 8-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"8-1) қала аумағын абаттандыру, санитарлық тазалау, тазалық сақтау және жинауды ұйымдастыру тәртібін белгілеуге;

8-2) "Алматы қаласының құрметті азаматы" атағын белгілеуге және оны беру тәртібі мен шарттарын айқындауға;"

б) 4-бап мынадай мазмұндағы 4-1), 4-2) және 4-3) тармақшалармен толықтырылсын :

"4-1) қала аумағында халықтың экологиялық қауіпсіздігін және бұзылған табиғи экологиялық жүйелерін қалпына келтіруді қамтамасыз етеді;

4-2) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қалада жалпымемлекеттік және халықаралық іс-шаралар өткізу үшін қажетті жағдайлар ж а с а й д ы ;

4-3) Алматы қаласы арқылы өтетін транзиттік автомобиль көлігінің жүру сызбасын белгілейді;"

7) 5 - б а п т а :

2-тармақтағы "тәртіп пен мөлшерде бөлінетін қаржы нормативтері" деген сөздер " түсімдер мен шығыстарды, ресми трансферттерді және бюджеттік кредиттерді бөлу" деген сөздермен ауыстырылсын;

3 және 4-тармақтар алып тасталсын.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК